

Қала мен ауыл қанаттас

Ауылдарды араламас бұрын, Екібастұзға келген бетімізде қала әкімі В.Д.Набитовскийге жолықтық. Қазақ арасында өскен әкімнің әңгіме ауанынан-ақ, қыр қазағының мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, өзгермейтін ауылдық менталитетін өте жақсы біліп алғаны байқалып қалды. Әкім ертелі-кеш кабинет бағып отыра бермей, ауылдарға жиі шығып тұратынын, апта сайын ел ішін аралап қайтатынын, кеше ғана біз жүргелі отырған Ақкөл жағына барып қайтқанын айтты.

Тек қаланың күйбең тірлігін ғана емес, ауыл жылы ауылдықтарды да жақсылықтардан кенде қалдырып жатпағандары әңгіме өзегі болды. Екібастұздың ауылдары қаланы етпен-сүтпен қамтамасыз етуге толық қол жеткізуі тиіс деген үлкен бір міндет қойылған. Бұнысы Екібастұздың бұрынғыдай аудан бөлек, қала бөлек деген жоқ, қазір бәрі де қалалық әкімдік аумағына қарайды деп отырғанын ұқтық. Оңтайландыру заманының іргелі кеңшарларға арқа сүйеп отырған ауылдарды өз орайына қарай қайырып әкеткені кімге болсын белгілі. Сондықтан да Екібастұздың ауылдары қазір қаламен қанаттас. Өзіміз бұрыннан көрсек, барсақ деп жүрген, адамдары жерінен жерімей, елінен кетпей отырған, ырыс-берекесі мол бірнеше ауылдарға аттандық. Жолсерік болып Екібастұз қалалық аумақтық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Мейрам Балтабай бірге жүрді.

Ақкөл мен Екібастұздың арасы 90 шақырымдай болады. Бірнеше жыл бойы ауыл мен қала арасындағы жолдың бейнетін қарапайым халық көрді, төзді. Үш сағат бойы ұзын жолдың бойында әуре-сарсаңға түсіп, не уақытында ауылға, не қалаға жете алмай әбден мазалары кеткен болатын. Осы екі аралықтағы қара жолдың мекнатынан әбден запы болған ақкөлдіктердің айлап-жылдап жазған арыз-шағымдары қала жақтың құлағына тиген болуы керек, жол жағдайы дұрысталып қалыпты. Тас төселіп, ойлы-қырлы жерлері тегістеліпті. Енді бір серпіліс алып, техника мен адам күшін пайдаланып жіберсе, Ақкөлдің жолы енді жылжымайтын болады. Әрі бұл жолға жалғыз Ақкөл ауылы қарап отырған жоқ, облыстық маңызы бар жолдардың қатарына жатады. Осыдан шыққан бір жол Шідерті ауылына, бір жол Екібастұзға қарай тартады.

– Бұрынғыдай емес, қазір жол жақсарып қалды. Өсіресе, көктем, күз айларында осы жол бойымен жүріп, ары бері барып қайту өте қиынға соғатын, – деп жол ортасы әңгімеге Мейрам Рахатұлы араласты. – Барған соң жөнделген жол жағдайын ақкөлдіктердің өздері де айта жатар, – деп қойды.

ауылға да келіп жеттік. Алыстан менмұндалап Исабек ишан атындағы мешіт те көрінді. 2000 жылы салынған бұл мешіт 90 кісіге арналған. Ал Ақкөл жері өзі ежелден Исабек ишан сияқты әулиелі ақсақалдарымен, даласының байлығымен, малды көп ұстайтын, ырысты, берекелі елдігімен, қазақылығымен, ел-жұртын сүйіндірген шешендігімен, өнерпаз ұл-қыздарымен аты шыққан қазақы ел болатын. Қазірде сол ел қаймағы бұзылмаған қалпы, шаңырақтарын биік көтеріп, мәңгіге тұрақтап тұрып қалды. Басқа жердегідей үдере көшіп, ауылын тастап жатқан жұрт жоқ мұнда. Бос қалған, қираған үйлер жоқ. Ақкөл деген ауыл

домбырашы болып мәдени көпшілік оқушыларымен бірі сұлтаны”, “Тазша ақкөлдіктер алда ке ауылдық аймақтық орынды иеленді. Ақ спортшылар баулы

Ауылдық округте Округтегі барлығы нысы бар. Жарыққа отырып, жарыққа ж Атаулы көмек ала көрінеді. Былтыр к



Көмірлі өңір



шыға келеді. Ал әзірге шараларды мектепке өткізіп жүр. “Жігіт бала” сайыстарында леді. Ауыл спортшылары спартакиада да екінші көл — белгілі балуандар, ан ауыл.

екі АТС жұмыс істеп тұр. 25 үйде телефон байла-зәру емес. Екібастұзда ырымаса не болады, енді. тындар саны азайған ала әкімі атаулы көмек алатын кейбір отбасы-ларына қайтарымсыз несиеге 50 мың теңге ақша бөліп, сол ақшаға мал алыныпты.

Ақкөл ауылы малы-мен бай екен. Дастар-хандары құрт-майға, ірімшік пен қаймаққа толы. Күй-қуаттары жақ-сы. Әр отбасынан сегіз-тоғыздан қара мал, жиырма-отызға жуық қой, екі-үш жылқыдан өріске шығады. Енді Ақкөл жайылмаға су келіп жеткен соң, қол-дағы малдың одан сайын көбейіп, бұл жердегі әр ауылдың бай да бақуат болары анық.

Алыста болғанмен

тар отырғызып кетті. Ол “Түлектер аллеясы” деп аталады, — дейді мектеп директоры. Ақкөл орта мектебінің 13 оқушысы ҰБТ-ға қатысып, мектеп бойынша орташа 42 балл алыпты. 80 және 60 ұпай алған түлектер де бар екен.

Мектепте “Ақ бесігім, әулиелі Ақкөлім” деген қоғамдық қор құрып, оны ұйымдастырып кеткен де осы биылғы жылғы түлектер көрінеді. Тіпті осы қоғамдық қор жыл соңында үздік оқыған шәкірттерге арнайы стипендия тағайындап, табыс ететін болыпты.

Алақай, ауыз су келді!

Ауыл ортасында ауыз суды тазаратын қон-дырғы орнатылған. Кәдімгідей аузына құлып салынып, күзетшісі бар, суды беретін арнайы маманы бар шағын бір үйге орналасқан екен. Су үш мезгілде — таңертең, түсте, кешке беріледі. Бір бидон судың бағасы 10 теңге.

Ақкөлдiктердiң су алу тәртібі де өзгелерге үлгі боларлықтай. Көп жерлерде суды тазартып беретін осындай қондырғылар ешкімнің қарауынсыз орнатыла салады. Әркім бір келіп беталды су ала берген соң, бірер айға жетпей сынып, қирап қалады. Ал сосын шетелдік қондырғыны жөндейтін маман ауыл ішінен табылмай әуре-түседі. Бұл ауылда тәртіп басқаша. Су басында отырған жігіт шетелдік техниканың тілін біліп тұр.

— Ұзақ жылдар бойы ауыл ащы су ішіп келді. Удай-ау. Осы күні ойлаймыз, удай суды кезінде қалай ішкенбіз деп. Қазір тазарған тұшы су ішіп, бойымыз бір рахаттанды.

да келдік. Расында да, мұнда қызу жұмыс екен. Кезекте тұрғандар да көп.

— Қазір біз, осында еңбек ететін жігіттер, бірігіп қолдан шөп жинағыш тіркеме құрастырып жатырмыз. Бұрын да осындай тіркегіш жеңіл тракторлардың бірнешеуін құрап, саттық. Күні бойы жұмысымыз осы. Ауыл шаруашылық техникаларын жөндейміз, құраймыз, шаруа қожалықтарының бізсіз күні жоқ. Кезінде арзанға сатқызбай алып қалғанымыздың пайдасын енді көріп жатырмыз, — дейді “Маман” шаруа қожалығының басшысы Әбілді Шілдебаев.

Жақсыатқа ат басын тіредік

Жақсыат ауылына кешкілік мал өрістен келетін уақытта келіп жеттік. Бұл жерде қазір 33 отбасы тұрып жатыр екен. Малды ауылдың аты малды ауыл. Әр отбасында он-оннан қара мал, жиырма-отыздан қой, төрт-бестен жылқы бар екен. Мынадай мал-жанмен тұрмыстары жақсы болмағанда қайтсін деген ой түйдік. Жақсыаттың бастауыш білім ұясында екі мұғалім сабақ беретін 14 оқушы бар.

— Елдің жағдайы оңалды. Елбасына рахмет. Ауыл жылдары деп жариялағалы бері елге, жерге, ауылға деген көзқарас жақсарды. Малымыз көбейді. Менің бір өзімде 300-дей қой, 40 шақты қара мал, оншақты жылқым бар. Шаруа қожалығын құрғалы бері бетіміз бері қарап, малдың қасиетін біле бастағандаймыз. Біздің бүгінгі еңбегіміз ұл-қыздарымызға өнеге болып

қалады ертең-ақ. Немерем осы Жақсыат бастауыш мектебінде оқиды. Бір күні мұғалім кеп тұр. Қожалықтың басшысы, бір болысса осы кісі көмектесер деген ғой. Есік сынып қалды дейді. Содан не керек, он бес мыңға тамаша ағаш есік жасатып бердім мектепке. Қолдан келгенше мектепке де осылай көмектесіп тұрамыз, — деді бізбен әңгімесінде “Жақсыат” шаруа қожалығының жетекшісі Фазиз Қарағөз.

— Содан мына Екібастұзға баратын жолымыз жөнделіп, бір қарық болып қалдық. Былтыр Набитовский деген әкіміміз келгенде айтқанбыз. Жақсыат ауылына көше шамдары керек деп едік, ол да болды. Енді бір ғана тілек бар, ол Жақсыаттың әр үйіне телефон орнатып берсе екен. Әйтпесе енді ешкімге де өкпеміз жоқ. Бәрі де жақсы. Ауылдардың еңсесі тік. Ел азаматтарымен көрікті. Ауыл әкімі Ержанға, “Ақкөл” ЖШС-ның басшысы Дүйсенбек баламызға рахметтен басқа айтарымыз жоқ, — деді Фазиз ризашылықпен.

Шаруаға жайлы мекен

Ақкөл округінің келесі бөлімшесі

РДІНҒЫРЫСЫ



ШЕКЕСІН қараған Шідерті

Жергілікті халықтың көптен бергі бір арманы орындалды. Қазір Шідерті даласының бойымен су жайыла бастады. Көктен тілегенін жерден беріп, жұрт бірінен сүйінші сұрады. Бұдан біраз жылдар бұрын Ертіс-Қарағанды каналы суды жоғары жібере бастағанда, жолай кесіп өтетін Шідерті өзені бойымен төменге жайылатын су арнасына бөгет қойылған екен. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, Кеңес өкіметі кезінде табиғи жайылма үнемі сумен толтырылып отырған көрінеді. Ал 1997 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы канал мекемесінің басқарушылары нарықтық қатынастың ауырлығын сылтау етіп, суды мүлдем тоқтатып тастаған Ақкөл, Басқамыс, Шідерті, Шұға деген ауылдар содан бері жайылма судан айырылып, ел мен жер суға сусап қалған еді. Тұтас бір құдай берген жайқалған жасыл жайылма. Ақкөл жайылмасы құлазыған қу медиен құрғақ далаға айналып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Қарапайым жұрттың, ел белсенділерінің жазбаған жерлері, баспаған таулары қалмады. Үкіметтің назарын да Ақкөл даласына қарай бұрды. Талай комиссия келіп кетті. “Ұлы Ертіс” деп аталатын қауымдастықтың президенті Жанайдар Рамазанов деген ел ағасы бұл іске бел шешіп кіріскен көрінеді. Ел азаматтарының арқасында жайылма дала апаттан аман қалды. Келген-кеткен комиссия ақыры бір шешім шығарды-ау. Шідерті бойымен өтетін көктемгі су жайылмасының табиғи жолмен жүзеге асатыны ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында дәлелденді. Үкімет сәті келіп тұрған халықтың сұрауына сай арнайы шешімге қол қойды.

Енді Ақкөл жайылма өңірі мал азығына молынан қол жеткізеді. Машинадан түсіп, біз де су жайылған көк шалғынды табиғи жайылманы белуардан басып, сүйсіне қарап, ортасына дейін барып қайттық. Қарап тұрсаң, көз тұнады. Жайқалып тұрған көк шалғынды көк майса кереметтен көз ала алмайсың. Тіпті, шалғы түскенше шөптің биіктігі ат тізесінен келіп қалатындай. Қала әкімі В.Набитовский Ақкөл жайылманы аралап, судың қалай көп түскенін, шабындықтағы шөптің қалыңдығын өз көзімен көргісі келгенінің сырын енді ұққандай болды.

Қасымызда сапарлас болып бірге келе жатқан Мейрам Балтабайдың айтуынша, биыл Үкімет шешімінен кейін Шідерті өзенінің арнасымен 30 млн. текше метр су жіберілген екен. Халықтың қуанышында шек жоқ. Қазір су төменге қарай түсіп, емін-еркін жайылып барады. Су жолы бұрынғы тоғандардың бәрін аралап өтіп, әрі қарай Ақкөл, Басқамыс, Шұға ауылдары маңымен Жалаулы өзеніне дейін ағатын болады. Мамандардың айтуынша, жалпы Ақкөл жайылмасына керегі 50 млн. текше метр су болатын. Биыл болмаса да, келер жылы бұл көрсеткішке қол жетіп қалатын түрі бар. Су орташа есеппен беріліп отырады. Бұл үшін қаржы мемлекет қоржынынан бөлінбекші.

Ақ бесігім, әулиелі Ақкөлім

Жол бойғы біраз әңгімеден кейін, халқы ақ бесігім, әулиелі Ақкөлім деп ардақтайтын



● Суреттерде: ауыл адамдары.

Фарида БЫҚАЙ, “Егемен Қазақстан”.

атына сай затын сақтап, көшелері таза, көң-қоқыстан арылып, құлпырып тұр. Көзге түсердей болып қалыпты.

Ауыл әкімі Сағынтаев Ержан деген жігіт ағасы салдырлаған, аңқылдақ кісі екен. Алыс жолдан келе жатқанымызды біліп, Ақкөлдің халқына тән жылы қабақ танытып, өз ауылы жайында айтып жатыр. Ақкөл ауылдық округіне Зеленая роща, Жақсыат ауылы, Шідерті ауылы қарайды. Жеке шаруа қожалықтарының саны бұдан да көп екен. Жалпы, Ақкөлдің егістік жер көлемі 50 мың гектар жерді алып жатыр да, шабындық жер 10154 гектар алқапты құрайды.

– Өнім аламын, еңбек етемін деген адамға жер жетеді. Бәрінен Ақкөл жайылмасы аман болса екен. Ел ырзық көріп отырған жайылманың суынан тарықпаса болды. Мал-жанға бірден-бір дауа осы. Малдың көбейгені – ырыс, байлық, – дейді ауыл әкімі кең далаға көз салып.

Ал Ақкөлдің өзінде қазір 1400 адам тұрады. Оның ішінде сый-құрметке бөленіп отырған, көп бала туып, өсірген 20-ға жуық “Алтын алқа-

шетқақпай емес.

Ақкөлдегі отбас латорияда күндізгі ем жұмыс істеп тұр. Іс тұйнақтай. Ауылдық дәрігері Төлеутай / бөлінген қаржыға да сатып алынған еке / барып емделе қойма. Қазекеннің күні де б барамын деп жүре / асқынып кете ме де / қауіптенеді. Бұған д көрсетілген дә / нәтижесінде есепке қазір толық сауыққа 1968 жылы салы / ғимараты әлі сыр мектепте 300 бала б / бар. Екі тренажер з спорт зал жұмыс іс / кем емес. Мектеп ж Жақсыат, Шідерті, 3

● Ауылдың айтқыш

Қазақша білетін “не

Бірде Жеңіс күні мерекесінде Жұмабек ағай, ол кісіден майданда көрсеткен ерліктері туралы айтылып алды да:

— Бір күні барлауға шықтық. Жау шебіне жақындай беш үш неміс солдатты шыға келгені бар емес пе. Екеуі алда, біреуі киіп алғанбыз. Кім екенімізді біліп қоймасын деп, он қолымды “хайл” деген сөз тіліме оралмай саскалақтап, “ассалаумағалей” “Әлейкүмәссалам”, деді соңғы неміс.

— Қазақша білетін ол неғылған неміс?

— Сөзді бөлме, ол екі немісті айдап келе жатқан қазақ еке Жұмабек ағай.

“Бейтанис” адам

Қыстың көзі қырауда алыстағы қыстақта мал бағып отырған үйіне бір топ уәкіл келе қалады. Амандық-саулықтан кейін ма қонақтарды таныстыра бастайды. Солардың ішінде біреуі аталмай — Хал-жағдайларыңыз, шаруаңыз қалай? Нендей бұйымтайлар малышыны сұрақпен бастырмалата бастайды.

Сонда малыш:

— Қарағым інішек, мына кісіні обкомнан, мына кісіні райкомнан дедіңіз, енді төртінші кісіңізді таныстырмай кеттіңіз ғой, о бейтанис адам, — деген екен. Бәрі сол шаруашылықтың п таңдана қарап қалады.

Сөйтсе, мұнда бұрын ат ізін салмаған жаңа парткомның “қонақпен бірге қонақ боп” келіп тұрған беті болса і қитыққан малыш парткомды сырттай білсе де танымай қалады. Малышқа не айтарын біл “қонақтар” келген іздерімен тайын тұрыпты.

ның” ие-герлері

аналарымыз бар. Жыл сайын жас нәрестелер саны да көбейіп келеді. Жас отбасылар қосылып, ел арасын толтыруда. Тек жастардың бір сұрап жүргендері, кеткен болар-болмаса ақшаға сатылып кеткен ауылдағы клуб үйін енді бос жауып қоймай, жақсы бір думанды орталыққа айналдыру. Ауыл әкімі бастамашы болып, осы істі қолға алса, қасына топтасатын өнерпаз жастар жетеді. Ақкөлдің екі адамының бірі өнші-күйші,

арн мұнда жөнде

Жазғы сауықтыру ла бала демалыпты. О мектепке директо Жандарбеков ты жатқандарын айтты.

— Енді қолға аль бірі – мектеп ауласы Оқушылар қазір бе мектеп бітірген ұл-қ

Шәйіміз де дәмді, – деді ауыл әкімі бізге таза судан дәм татырып.

Ел ішіндегі кәсіпкерлер

Әңгіменің басында Ақкөлде шаруа қожалықтары көп дедік. Олардың қатарында “Шідерті” шаруа қожалығының басшысы Қ.Айтмаевті, “Табыс” шаруа қожалығының басшысы М.Алғамбаровты, “Ақкөл” ЖШС-ның басшысы, қалалық мәслихаттың депутаты Дүйсенбек Оспановты атап өтуге болады. “Ақкөл” ЖШС биыл 5 гектар жерге картоп салыпты. Дүйсенбектің жалғыз өзі бұл жұмысқа ауыл тұрғындарын да қатыстырып, олармен белгілі бір көлемде өзара есептерін бөліскен екен. Ал бұл ЖШС-тің негізгі кәсібі астық өсіру болып отыр. Биыл да 1 мың гектар алқапқа дәнді дақылдар себілген. Қазір егіндері жайқалып, бір тегіс болып көктеп тұр. Жаңбыр төгіп-төгіп өтсе, құлпырып шыға келері анық.

Ал көкөніс өсіретін “Көкше” шаруа қожалығының жетекшісі Мақсұт Мұсабаев жайлы әңгіме бір бөлек.

Ақкөлдіктер Мақсұтқа еңбекқорлығы мен жеміс өсіретін табандылығына қарап, “кәріс” деп ат қойып кеткен екен. Бұған ол қабақ шытып, ренжімейді. Жеміс-жидек, қауын-қарбыз өсіретін кәрісіңнен артық еңбек етпесе, кем қалып жатқан жоқ. Орыс пен кәріске, өзбекке ғана жеміс өсіруді жазып қойып па дейді күліп.

Ол кісінің жеке шаруа қожалығы негізінен картоп, қызанақ, баклажан өсіреді. Мақсұттың өмірлік тәжірибесі көкөністің қай түрін өсірсе де жетіп тұр. Картоп алқабын “Сигма” деген жаңбырлатқыш агрегатымен және арық жүйелерімен суаруда. Су Шідерті өзенінен келіп тұр. Ал мұндай аялы алақан мен күтім көрген жер өнім бермей көрсін.

– Өзім Семей жақта, Көкпекті деген жерде туып-өстім. Жасымыздан еңбекпен ержеттік. Көкпектіде қазірге дейін жемістің түр-түрін егеді. Елге деген сағыныштан “Көкше” деген шаруа қожалығын құрып, ептеп еңбек етіп жатырмыз. Жермен жұмыс істеуді үйренген адам сол жерден әсте кете алмайды екен, – деді Мақсұт аға.

Оның өзі қолдан жасаған қайығымен Шідерті өзенінің арғы бетіне жүзіп шығып, картоп, помидор егілген ұзыннан-ұзақ созылған кең алқапқа көз салдық. Келіншегі Ғалия балаларымен, жиендерімен бірге осы екінші бетте екен. Балалар балық аулап мәз.

“Маман” десе маман

Ақкөлден шыға бере, машина, тракторлар тізіліп топтасып тұрған үлкен қақпасы ашық бір үй көзге шалынды.

– Бұл біздің ауылдың МТС-і, қазір “Маман” шаруа қожалығы деп аталады. Барлық шаруа қожалықтары, машина, тракторлары бар адамның бәрі осында келеді. Ертелі-кеш қызу жұмыс жүріп жатады, – деді ауыл әкімі Ержан.

Жақсыны көрмекке деп, ауылдың МТС-на

Сапарлап, Шідерті ауылы тастадына көз тунатын көк шалғынның ортасында отыр. Ертеректе ақсақалдар айтатын көрінеді, бұл жерге ат шідерлемей-ақ бос жібере салуға болады деп. Көк шалғын, майса шөптің ортасында тұрған ат қайда кетеді дейді екен.

Сол кісілер айтып кеткеніндей-ақ, көк майсалы жер, тек мал жайып, төл көбейтуге арналған құтты мекен сияқты. Ауыл әкімінің айтуынша, бұл жерде 80 бас ірі қара мал, отыздай қой, қос-қостан жылқы бағып отырған отбасылары бар көрінеді.

Ел мен жерге бас-көз болып отырған “Шідерті” шаруа қожалығының басшысы Қайрат Айтмаев сияқты ел ішінде өскен жігіттер. Тіпті, бұл ауылға қазір жұртшылық бай ауыл, малды ауыл деп ат қойып та алған көрінеді. Есіктің алдынан көкөрай шалғын бой көтерген Шідерті ауылы өз тіршілігі өзінде бақуатты, малым – байлығым, барым деп өмір сүріп жатыр.

Шідерті орталау мектебі 1956 жылы салынған екен. Мектеп директоры Жамал Айтмаеваның сөзіне қарағанда ауыл мектебіне де айнала отырған шаруа қожалықтары, өзінің жолдасы Қайрат та әрқашан көмектеседі. Сол жігіттердің арқасында барлық басылым түрлерін жаздырып алатын көрінеді. Аптасына екі рет пошта келіп тұрады. Мектепте оқитын 54 балаға 12 мұғалім сабақ береді. Биыл бірінші сыныпқа келетін 9 оқушы бар деп есептелініп отыр.

Шідерті орталау мектебі көз тартады. Іші-сырты тап-таза. Айналасы ұқыпты. Залдары, сынып бөлмелері кең. Жазғы демалыс кезінде жөндеу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр екен. Шаруа қожалықтарының басшылары көмектесіп, қарайласып тұрғаны байқалады. Шідертілік жігіттердің бұл бастамасы өзге өңірлерге де үлгі ертерліктей жақсы бастама екен.

Ауылдан қайтарда тағы да бір рет Ақкөл-жайылмасына көз тастадық. Тағы да бір рет көк шалғынды белортасына дейін кешіп, аралап көрдік. Табиғат берген жер жаннаты Ақкөл жайылмасы енді судан арылмасын, осылай жайқалып тұра берсін деп тіледік.

Кештетіп Екібастұз қаласына жеттік. Қала шамдары жарқырап тұр. Әулиелі Ақкөл, Шідерті, Жақсыат ауылдарынан алған әсеріміз ұшан-теңіз.

Екібастұз қалалық әкімдігінде жақсы бір жағдай қалыптасыпты. Апта сайын қала басшысының “Ауылдағы әкім күні” деген жолсапары болады екен. Қала әкімінің кеңесшісі Ерғалиевтың айтуынша, біздер Ақкөл жақта сапарлап жүрген кезде, қала әкімі Өлеңті ауылы жағында “Әкім күнін” өткізіп қайтыпты. Ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқарған әкімнің ауыл шаруашылығы жөніндегі кеңесшісі барлық цифрларды кәдімгідей тақпақ жаттап алғандай сартылдатып жатқа соғып отыр. Қай ауыл, қай шаруа қожалығына қатысты мәселелердің бәрін қолмен қойғандай айтып береді.

– Мал өсіремін деген шаруа қожалықтарына жеңілдетілген несие береміз. Келер жылы коммуналдық меншік қорын құрамыз. Бұл қор кәсіпкерлерге, шаруаларға банктерден несие алуға кепілдік береді. Ал жазда шаруаларға арзандатылған жанар-жағармай берілетін болады, – деді Ерғалиев.

Павлодар облысы.

ылық дәрігерлік амбу-
лдеу палаталары, дәріхана
лі-сырты тап-таза, тап-
дәрігерлік мекеменің бас
рынбековтің айтуынша,
дәрігерлік құрал-жабдықтар
Екінші бірі қала жаққа
йды. Жолды алыссынады.
елгілі, әне барамын, міне
іреді. Туберкулез ауруы
ауыл дәрігерлері тағы да
ейін осындай дер кезінде
дәрігерлік көмектердің
алынған 15 адамның 13-і
н екен.

ған Ақкөл орта мектебінің
бере қоймапты. Қазір
лім алады. Компьютерлері
алы, өлкетану мұражайы,
ейді, қала мектептерінен
анынан ашылған интернет
еленая роцца деген шағын
ауылдардан келіп
оқитын

ары

міс”

н үйінде болғанымда,
уды өтіндім. Ол бір сәт

ргенімізде, қарсы алдымыздан
артта. Біз немістің мундирін
ербең еткіздім де, әлгі құртғыр
кум”, дептің.

ін жүрісінен таныдым, – деді

Ишанғали деген озат малының
шыны бұрыннан білетін уәкіл
і қалады.
ыңыз бар? – деп, жаңа уәкіл

н, ана кісіні крайкомнан
л мен бұрын көрмеген
артком хатшысына

уәкілдерге ілесін,
серек. Осыған
, жорта
теген

балаларға
алған. Біз келгенде
жұмыстары жүріп жатты.
егерінде бір маусымда 70
сыдан бір ай бұрын ғана
р болып келген Қанат
ымсыз жұмыс жасап

п жатқан жұмысымыздың
і керіктендіру болып отыр.
қты күтіп-баптауда. Биыл
ыздар аулаға жас шабық-